

"Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорларының, улы заттардың, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүліктің заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтар туралы" № 1-Н есеп нысанын және оны қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 1 желтоқсандағы № 213 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 5 желтоқсанда № 33723 болып тіркелді

"Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 9-бабының 22) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 Жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы туралы Ереженің 19-тармағының 37) тармақшасын басшылыққа ала отырып, БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес "Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорларының, улы заттардың, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүліктің заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтар туралы" № 1-Н есеп нысаны;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес "Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорларының, улы заттардың, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүліктің заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтар туралы" № 1-Н есепті қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының күші жойылған бұйрығының және кейбір бұйрықтарының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықтың көшірмесін құқықтық статистика және арнайы есепке алудың мүдделі субъектілеріне, Комитеттің аумақтық және оларға теңестірілген органдарына орындау үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры

Б. Асыллов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы мониторингі агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры
2023 жылғы 1 желтоқсандағы
№ 213 бұйрығына
1-қосымша

нысан

"Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорларының, улы заттардың, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүліктің заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтар туралы" № 1-Н есебі

1-бөлім. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорларының, улы заттардың заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер

Атауы	Жол коды	Қылмыстық істері есепті кезеңде іс жүргізуде болған құқық	Есепті кезеңде Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген	Есепті кезеңде қылмыстық істері бойынша іс жүргізуі аяқталған қылмыстық	Қылмыстық істері есепті кезеңде сотқа жіберілген қылмыстық құқық	Қылмыстық істері Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 35-бабы 1-бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11), 12)	Қылмыстық істері ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақтары бойынша тоқтатылған қылмыстық
-------	----------	---	--	---	--	---	---

		бұзушылық тардың саны	қылмыстық құқық бұзушылық тардың саны	құқық бұзушылық тардың саны	бұзушылық тардың саны	тармақтары және 36-бабы бойынша тоқтатылған қылмыстық құқық бұзушылық тардың саны	құқық бұзушылық тардың саны
А	Б	1	2	3	4	5	6
Барлығы							

кестенің жалғасы

есепті кезеңде ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны										Тергеп-тексеру мерзімі өткен қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны
барлығы	1) тармақ	2) тармақ	3) тармақ	4) тармақ	5) тармақ	6) тармақ	7) тармақ	8) тармақ	9) тармақ	
7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17

кестенің жалғасы

Есепті кезеңде іс жүргізуі аяқталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны, оның ішінде жасалған						қызметтік-іздігі естіру иттерін қолданумен анықталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны
кәмелетке толмағандар немесе олардың қатысуымен	адамдар тобы	қылмыстық топ	қылмыстық қауымдастық	қылмыстық ұйым	есірткілік қозу жағдайында	
18	19	20	21	22	23	24

кестенің жалғасы

Есепті кезеңде құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қатысты СДТБТ-да тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны	Есепті кезеңде "бақыланатын жеткізілім" әдісі бойынша анықталған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны	оның ішінде		Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын өндіретін зертханалар анықталды
		ішкі	сыртқы	
25	26	27	28	29

"Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорларының, улы заттардың, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүлктің заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтар туралы" № 1-Н есебі

заттар,
с о л
тектесте
р мен
прекурс
орлар
және
олардың
заңсыз
айналым
ы мен
теріс
пайдала
нылуын
а қарсы
іс-қимы
л
шаралар
ы
туралы"
Қазақста
н
Республ
икасы
Заңыны
ң 5 -
бабыны
ң 2 -
бабына
1), 1-1)
тармақш
аларына
сәйкес
есірткі
құралда
рының,
психотр
оптық
заттар
және
олардың
прекурс
орлары
есірткі
құралда
р ы
тізбесіні
ң I, II,
III
тізімдері
н е
қосылға
н есірткі
құралда

орлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-бабына 1), 1-1) тармақшаларына сәйкес есірткі құралдарының, психотроптық заттар және олардың прекурсорлары есірткі құралдары тізбесінің I, II, III тізімдеріне қосылған есірткі құралдарын, психотроптық заттарды

өсімдік заттар)											
-----------------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

кестенің жалғасы

Прекурсорларды жою			оның ішінде					
			сот шешімі бойынша			басқа мемлекеттік органдардың шешімі бойынша		
кг.	гр.	л.	кг.	гр.	л.	кг.	гр.	л.
10	11	12	13	14	15	16	17	18

кестенің жалғасы

Тиісті мекемелерге прекурсорлар берілді			оның ішінде						Есепті кезеңнің соңына алынып қойылған прекурсорлардың қалдық салмағы		
			сот шешімі бойынша			басқа мемлекеттік органдардың шешімі бойынша					
кг.	гр.	л.	кг.	гр.	л.	кг.	гр.	л.	кг.	гр.	л.
19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30

"Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорларының, улы заттардың, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүлктің заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтар туралы" № 1-Н есебі

3-бөлім. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды, улы заттарды алып қою немесе жою туралы мәліметтер В кестесі. Улы заттарды алып қою және беру туралы мәліметтер

Атауы	Улы заттар алынды		олардың ішінен		Улы заттар жойылды		оның ішінде			
			контрабандалық жолмен келіп түсті				сот шешімі бойынша		басқа мемлекеттік органдардың шешімі бойынша	
	гр.	мл.	гр.	мл.	гр.	мл.	гр.	мл.	гр.	мл.
А	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Барлығы (5-кесте. Лицензиялауға жататын улы заттар тізімі)										

кестенің жалғасы

Тиісті мекемелерге улы заттар берілді		оның ішінде				Есепті мерзімнің соңына алынған улы заттардың қалдық салмағы	
		сот шешімі бойынша		басқа мемлекеттік органдардың шешімі бойынша			
гр.	мл.	гр.	мл.	гр.	мл.	гр.	мл.
11	12	13	14	15	16	17	18

Атауы		жол коды	деректер	өсімдіктер		егістер (шаршы метрде)	
				анықталды	жойылды	анықталды	жойылды
А		Б	1	2	3	4	5
заңсыз егістер, өсірулер, сұрыптаула р анықталды	а пи ын көкнәрі	1					
	зәйтүн көкнәрі	2					
	қарасора	3					
	кылша	4					
	б а с қ а өсімдіктер	5					
жабайы аудандары	қарасора	6					

"Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорларының, улы заттардың, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүліктің заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтар туралы" № 1-Н есебі

7-бөлім. Есірткі құралдарын және психотроптық заттарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдарды есепке қою нәтижелері туралы мәліметтер

А кестесі. Есірткі құралдары мен психотроптық заттарға тәуелді адамдар туралы мәліметтер

Атауы	жол коды	Есірткі құралдарын және психотроптық заттарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулармен есепке алуға тұрған адамдардың барлығы	оның ішінде	
			әйелдер	кәмелетке толмағандар
А	Б	1	2	3
Есепті кезеңнің басында есепте тұрған	1			
Есепті кезеңде есепке алынған	2			
оның ішінде	алғаш рет	3		
	б а с бостандығынан айыру	4		

	орындарынан келген				
есепті кезеңде есептен шығарылған		5			
оның ішінде	кемінде 12 ай ремиссияға байланысты есептен шығарылған	6			
	б а с бостандығынан айыруға сотталған	7			
	тұрғылықты жері өзгертілген	8			
	қайтыс болған	9			
	басқа жас тобына өткен	10			
	басқа да себептерге байланысты	11			
Есепті кезеңнің соңында есепте тұрған		12			
оның ішінде мына жаста	14 жасты қоса алғандағы жасқа дейін	13			
	15-17 жас	14			
	18-29 жас	15			
	30 жас және одан жоғары	16			
оның ішінде тұрғылықты жері мен кәсібі бойынша	қ а л а тұрғындары	17			
	оқушылар	18			
	жұмыссыздар немесе оқымайтындар	19			

"Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорларының, улы заттардың, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүліктің заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтар туралы" № 1-Н есебі

7-бөлім. Есірткі құралдарын және психотроптық заттарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдарды есепке қою нәтижелері туралы мәліметтер

Б кестесі. Қолданылатын есірткі құралдарының және психотроптық заттардың түрлері туралы мәліметтер

Қолдану салдарынан психикалық және мінез-құлықтық бұзылулар туындаған есірткі құралдары, психотроптық заттар атауы		АХЖ-10 бойынша қайта қарау шифры	жол коды	Есірткі құралдарын және психотроптық заттарды қолданатын адамдардың барлығы			
А		A1	Б	1			
Есірткі құралдарын және психотроптық заттарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар, барлығы		F11, F12,F13, F14, F15, F16, F18, F19	1				
оның ішінде	Опиоидтарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар - барлығы:	F11	2				
	оның ішінде		героин	3			
			апиын	4			
			басқа опиаттар	5			
	Каннабиноидтарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар	F12	6				
	Седативті және ұйықтататын заттарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар, барлығы:	F13	7				
	оның ішінде				бензодиазипиндер	8	
		барбитураттар	9				
	Кокаинді қолданудан туындайтын психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар	F14	10				
	Кофеинді қоса алғанда басқа да ынталандырғыштарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар, барлығы	F15	11				
	оның ішінде				амфетаминдер	12	
					метамфетаминдер	13	
					МДМА (экстази)	14	
		басқалар	15				
	Елес туғызатын заттарды қолданудан туындайтын психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар	F16	16				
	оның ішінде				ЛСД	17	

Ұшатын органикалық қоспаларды қолданудан туындайтын психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар	F18	18	
Психоактивті заттарды және есірткі құралдарын бір уақытта қолданудан туындайтын психикалық және мінез-құлықтық бұзушылықтар	F19	19	

"Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорларының, улы заттардың, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүліктің заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтар туралы" № 1-Н есебі

7-бөлім. Есірткі құралдарын және психотроптық заттарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдарды есепке қою нәтижелері туралы мәліметтер

В кестесі. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды мөлшерден тыс қолдану немесе уытты әсері нәтижесінде қайтыс болған адамдар туралы мәліметтер

Атауы	жол коды	Есірткі құралдарын және психотроптық заттарды мөлшерден тыс қолдану немесе олардың уытты әсері нәтижесінде қайтыс болған адамдардың барлық саны	оның ішінде 1-бағаннан:	
			есепті кезеңнің басында есепте тұрды	олардың ішінде
			барлығы	әйелдер
А	Б	1	2	3
Есепті кезеңде қайтыс болған барлық адам	1			
оның ішінде мынадай жаста	14 жасты қоса алғандағы жасқа дейін	2		
	15-17 жас	3		
	18-29 жас	4		
	30 жас және жоғары	5		

"Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорларының, улы заттардың, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүліктің заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтар туралы" № 1-Н есебі

7-бөлім. Есірткі құралдарын және психотроптық заттарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдарды есепке алу нәтижелері туралы мәліметтер

Г кестесі. Түзету мекемелерінде есірткі құралдарын, психотроптық заттарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдарды есепке қою нәтижелері туралы мәліметтер

Атауы	жол коды	Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды қолданатын адамдар саны	Оның ішінде соттар мәжбүрленемдеуге анықтағандар	Оның ішінде 1-бағаннан			
				әйелдер	Кәмелетке толмағандар	Тәуелділігі бар	
А		1	2	3	4	5	
Есепті кезеңнің басында есепте тұрғандар	1						
Есепті кезеңде есепке алынды	2						
Оның ішінде	бірінші рет	3					
Есепті кезеңде есептен алынды	4						
Оның ішінде	5 жылдан артық ремиссияға байланысты	5					
	Мекемеден шығуына байланысты	6					
	Оның ішінде	Өрі қарай емделуді қажет етеді	7				
	Өліміне байланысты	8					
	Оның ішінде	Есірткіні мөлшерден тыс пайдалану	9				
		Уытты заттарды мөлшерден тыс пайдалану	10				
Есепті мерзімнің аяғында есепте тұрғандар	11						
	14 жасты қоса алғандағы жасқа дейін	12					
	15-17 жас	13					

Оның ішінде жасы	18-29 жас	14					
	30 жастан жоғары	15					

"Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорларының, улы заттардың, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүліктің заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтар туралы" № 1-Н есебі

8-бөлім. Аяқталған істер бойынша тәркіленуге жататын мүлікті және қылмыстық жолмен алынған кірістерді алып қою туралы мәліметтер

Атауы	Жол коды	Тәркіленген мүліктің саны	Анықталған қылмыстық табыстың жалпы сомасы	Тәркіленген мүліктің сомасы
А	Б	1	2	3
Тәркіленген мүліктің түрі (анықтамалық бойынша)				

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры
2023 жылғы 1 желтоқсандағы
№ 213 бұйрығына
2-қосымша

"Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорларының, улы заттардың, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүліктің заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтар туралы" № 1-Н есепті қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорларының, улы заттардың, сондай-ақ қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүліктің заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтар туралы есепті (бұдан әрі – есеп) қалыптастыруды нақтылайды.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторингі агенттігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және прокуратура органдары есептің субъектілері болып табылады (бұдан әрі – құқықтық статистика субъектілері).

3. Есепті қалыптастырудың негіздері:

1) "Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін

жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9744 болып тіркелген) (1, 2, 3, 4, 6, 8-бөлімдері) бекітілген Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінің (бұдан әрі – СДТБТ) электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының (бұдан әрі – нысан);

2) "Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімін жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 шілдедегі № 85 бұйрығымен (Мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20962 болып тіркелген) (5-бөлім) бекітілген "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы" және " Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қозғалу, қаралу барысы және әкімшілік жазаны орындау тәртібі туралы" ақпараттық есепке алу құжаттарының;

3) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің (7-бөлім) мәліметтері болып табылады.

4. Есеп республика бойынша, өңірлер бойынша, есептің әрбір құқықтық статистика субъектісі бойынша жиынтық есептен тұрады.

5. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – аумақтық орган) аумақтық және оған теңестірілген органдарының бастықтары Комитеттің жергілікті жерлердегі ақпараттық жүйелеріне келіп түсетін мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

2-тарау. Есепті қалыптастыру мерзімдері

6. Есеп тоқсан сайын үдемелі қорытындымен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің орталық аппаратында (бұдан әрі - Комитет) автоматтандырылған режимде қалыптастырылады.

Нысандарды Комитеттің ақпараттық жүйелеріне соңғы рет есепті кезеңнің соңғы күнінде 00:00 сағатқа дейін (Астана қаласының уақыты бойынша) жүктегеннен кейін белгілі бір уақыт аралығында (статистикалық кесім) қалыптастырылған есепті есептеу жүргізіледі.

Белгілі бір уақыт аралығында (статистикалық кесім) қалыптастырылып, бекітілген есепке түзетулер енгізілмейді.

7. Есептің 7-бөлімін мәліметтерді құқықтық статистика субъектілері аумақтық органдарына есепті кезеңнен кейінгі айдың 1-күніне орай, аумақтық органдары Комитетке есепті кезеңнен кейінгі айдың 4-күніне орай ұсынады.

8. Комитет есептерді есептің құқықтық статистика субъектілерінің және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құрылымдық бөлімшелерінің ресми электрондық мекенжайларына есепті кезеңнен кейінгі айдың 8-күніне орай жібереді.

9. Егер мерзімнің аяқталуы жұмыс күніне тура келмесе (демалыс, мереке), онда одан кейінгі бірінші жұмыс күні мерзімнің соңғы күні болып есептеледі.

3-тарау. Есептің құрылымы және қалыптастыру тәртібі

10. Есеп мынадай 8-бөлімнен тұрады:

1) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорларының, улы заттардың заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер;

2) есірткі құралдарын, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың, улы заттардың заңсыз айналымына байланысты құқық бұзушылықтарды жасаған адамдар туралы мәліметтер;

3) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды, улы заттарды алып қою немесе жою туралы мәліметтер;

4) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды қолданған мас күйінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, ішкі істер органдарында есепке алынған адамдар туралы мәліметтер (аяқталған қылмыстық істер бойынша);

5) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер;

6) жабайы өсетін қарасораның өсу, заңсыз егістіктердің және апиын, майлы көкнәр, қарасораны, қылшаны және есірткі заттары бар өсімдіктердің басқа да түрлерін өсіру алаңдарын анықтау және жою туралы мәліметтер;

7) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды пайдаланудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдарды есепке алу нәтижелері туралы мәліметтер;

8) тәркіленуге жататын мүлікті және аяқталған істер бойынша қылмыстық жолмен алынған кірістерді алып қою туралы мәліметтер.

1-параграф. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың, улы заттардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер (есептің 1-бөлімі)

11. Есептің 1-бөлімі есепті кезеңде істері іс жүргізуде болған (сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған, сотқа жолданып аяқталған, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері тоқтатылған, бұзылған) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) баптарына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер көрсетіледі.

12. 1-бөлімнің 1-бағанында бөлімі есепті кезеңде істері іс жүргізуде болған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

Оларға есепті кезеңде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар, сондай-ақ есепті кезеңде қылмыстық істі сотқа жолдау, мерзімін бұзу немесе іс жүргізуді тоқтату (есептен алынумен тоқтатылғандардан басқа) туралы процестік шешім қабылданған немесе олар бойынша жоғарыда көрсетілген шешімдердің бірде біреуі қабылданбаған, өткен жылдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары жатады.

13. 2-бағанда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді кімнің бастағанына қарамастан, есепті кезеңде СДТБТ-да тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі: анықтау органы, тергеуші, прокурор.

Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеруді құқықтық статистиканың бір субъектісі бастаған және кейіннен тергеулігі бойынша құқықтық статистиканың басқа субъектісіне берген жағдайда, 2-бағанда қылмыстық құқық бұзушылық сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған есептің құқықтық статистика субъектісінің есебінде көрсетіледі. Бұл жағдайда 2-баған көрсеткіштерінің 1-баған көрсеткіштерінен асып кетуіне жол беріледі.

14. 3-бағанда тіркеу уақытына қарамастан, аяқталған қылмыстық істер бойынша (Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - ҚР ҚПК) 305, 528-баптары тәртібімен сотқа жіберілген және ҚР ҚПК-нің 518-бабы тәртібімен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа жіберілген немесе ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11), 12) тармақтарына және ҚР ҚПК-нің 36-бабына сәйкес тоқтатылған) қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

4-бағанда істері ҚР ҚПК-нің 305, 528-баптары тәртібімен және қылмыстық құқық бұзушылықты тіркеу уақытына қарамастан, ҚР ҚПК-нің 518-бабы тәртібімен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа жіберілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

15. 5-бағанда қылмыстық істері ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11), 12) тармақтары және 36-бабы бойынша тоқтатылған қылмыстық құқық бұзушылықтар (есептен шығарусыз) көрсетіледі.

6-бағанда қылмыстық істері ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақтары бойынша тоқтатылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны (қылмыстық құқық бұзушылықты есептен шығарудан) көрсетіледі.

7-бағанда есепті кезеңде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы саны көрсетіледі.

7-бағанның 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16-бағандарында ағымдағы есепті кезеңде ашылмаған (ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 1), 2, 3), 5), 6), 7), 8), 9) тармақтары бойынша) ретінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық істер бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

16. 17-бағанда істері бойынша ҚР ҚПК-да анықталған алдын ала тергеу немесе анықтау мерзімі өткен, ал оны ұзарту туралы ақпарат СДТБТ-ға енгізілмеген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

17. 18-бағанда кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар көрсетіледі.

19-бағанда топты адамдар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар көрсетіледі.

20-бағанда қылмыстық топ жасаған; 21-бағанда қылмыстық қоғамдастық жасаған; 22-бағанда қылмыстық ұйым жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны туралы мәліметтер көрсетіледі.

18. Есептің 23-бағанында есірткілік қозу жағдайында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер көрсетіледі.

19. 24-бағанда қызметтік-іздістіру иттерін қолдана отырып анықталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

Есепті кезеңде құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қатысты СДТБТ-да тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны 25-бағанда көрсетіледі.

26-бағанда есепті кезеңде "бақыланатын жеткізу" әдісі бойынша анықталып тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны, оның ішінде 27-бағанда "ішкі", 28-бағанда "сыртқы" деп көрсетіледі.

Есептің 29-бағанында есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, сол тектестерді өндіру бойынша анықталған зертханалар туралы мәліметтер көрсетіледі.

2-параграф. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың, улы заттардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдар туралы мәліметтер (есептің 2-бөлімі)

20. 2-бөлімнің жолдарында ҚР ҚК баптары және тарауларына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер көрсетіледі.

21. 1-бағанда есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың, улы заттардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар жасап, анықталған адамдардың жалпы саны көрсетіледі.

22. 1-бағанның 2-15-бағандарында қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдардың жеке санатының саны ерекшеленеді: бұрын қылмыс жасаған, кәмелеттік жасқа толмаған, әйелдер, Қазақстан Республикасының азаматтары, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар.

3-параграф. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды, улы заттарды алып қою және жою туралы мәліметтер (есептің 3-бөлімі)

23. Бұл бөлімде есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларын, улы заттарды алып қою және олардың түрі мен саны бойынша жойылуы туралы мәліметтерден тұрады.

Есептің бөлімі А "Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, сол тектестерді алып қою және жою туралы мәліметтер", А-1 "Құқық қорғау органдарының бірлескен

іс-шаралары барысында алып қойылған есірткі құралдары, психотроптық заттар, сол тектестер туралы мәліметтер", Б "Прекурсорларды алып қою және жою туралы мәліметтер", В "Улы заттарды алып қою және тапсыру туралы мәліметтер" кестелерінен тұрады.

24. А кестесінің 1-жолында есірткі құралдары, психотропты заттар, сол тектестер контрабандалық жолмен келіп түскен қылмыстық істер бойынша заңсыз айналымнан алынған есірткі құралдарының және психотропты заттардың, сол тектестердің жалпы саны, сондай-ақ есепті кезеңде жойылған, соның ішінде сот және басқа мемлекеттік органдардың шешімі бойынша жойылған есірткі құралдарының, психотропты заттардың, сол тектестердің саны көрсетіледі.

Есеп бөлімінің қалған жолдарында есірткі құралдары, психотропты заттар, сол тектестер олардың түрі мен саны бойынша көрсетіледі.

25. 1-2-бағандарда есепті кезеңде алынған есірткі құралдарының, психотропты заттардың, сол тектестердің граммен, миллилитрмен белгіленген жалпы саны көрсетіледі.

3-4-бағандарда контрабандалық жолмен келіп түсіп, алынып қойылған есірткі құралдары мен психотропты заттар, сол тектестер ескеріледі.

5-6-бағандарда жойылған есірткі құралдарының, психотропты заттардың, сол тектестердің жалпы саны көрсетіледі, оның ішінде: 7-8-бағандарда сот шешімі бойынша, 9-10-бағандарда басқа мемлекеттік органдардың шешімі бойынша.

11-12-бағандарда көму үшін, ғылыми, өндірістік, емдік және өзге мақсаттарда пайдалану үшін тиісінше күзiреттi органдарға (мекемелерге) қолдануға берiлген есірткі құралдары мен психотропты заттардың, сол тектестердің жалпы саны көрсетіледі, оның ішінде: сот шешімі бойынша 13-14-бағандарда, басқа мемлекеттік органдардың шешімі бойынша 15-16-бағандарда.

17-18-бағандарда қызметтік-іздістіру иттері арқылы алынған есірткі құралдарының, психотропты заттардың, сол тектестердің саны көрсетіледі.

19-20-бағандарда алынған есірткі құралдарының, психотропты заттардың, сол тектестердің есепті кезеңнің соңына қалдық салмағының жалпы саны көрсетіледі.

А-1 кестесінің 1, 2-бағандарында есепті кезеңдегі құқық қорғау органдарының бірлескен іс-шаралары барысында алып қойылған есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестердің граммен, миллилитрмен айқындалатын жалпы саны көрсетіледі.

26. Б кестелері есептің 3-тарауының А кестесі секілді толтырылады, Б кестесімен көзделген, килограмм, грамм, литрде белгіленген, есірткі құралдарын дайындау үшін пайдаланылған прекурсорлардың жалпы саны бейнеленетін Б кестесінің 10, 11, 12-бағандарынан басқа.

Б кестесінде сот шешімі бойынша улы заттарды алып қою және тиісті мекемелерге беру туралы мәліметтер көрсетіледі, А кестесіне секілді толтырылады.

4-параграф. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды қолданудан туындаған масаң күйде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған, ішкі істер органдарында есепке алынған адамдар туралы мәліметтер (аяқталған қылмыстық істер бойынша) (есептің 4-бөлімі)

28. Есептің 4-бөлімі аяқталған істер бойынша ішкі істер органдарында есепке алынған, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, сол тектестер мен прекурсорларды қолданудан туындаған масаң күйде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК-нің баптарына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер көрсетіледі.

1-бағанда нашақорлық және уытқұмарлықтан масаң күйінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың жалпы саны көрсетіледі.

1-бағанның 2-бағанында кәмелеттік жасқа толмағандардың, 3-бағанда әйелдердің саны ерекшеленеді.

4-бағанда "нашақорлық" диагнозы бар адамдар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы саны көрсетіледі.

4-бағанның 5-бағанында кәмелеттік жасқа толмаған адамдар ерекшеленеді.

4-бағанның 6-бағанында әйелдердің саны ерекшеленеді.

7-бағанда ішкі істер органдарында есепке алынған адамдардың жалпы саны көрсетіледі.

7-бағанның 8-бағанында кәмелеттік жасқа толмағандар ерекшеленеді.

7-бағанның 9-бағанында әйелдер саны ерекшеленеді.

5-параграф. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер (есептің 5-бөлімі)

29. 5-бөлім әкімшілік тәжірибесі субъектісінің есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау нәтижелері туралы мәліметтерді қамтиды.

Кестелердің жолдары Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар тізбесін қамтиды.

30. 1-бағанда тіркелген әкімшілік құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

2-бағанда әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы шығарылған адамдардың саны көрсетіледі.

3-бағанда әкімшілік өндірісті тоқтату туралы қаулы шығарылған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің жалпы саны көрсетіледі.

4-бағанда әкімшілік жаза тартқызу туралы қаулы шығарылған әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің саны көрсетіледі.

Бұдан әрі, ведомстволық баптардың санкциясына байланысты өндіріп алудың негізгі және қосымша шаралары көрсетіледі.

Кейінгі бағандарда салынған және өндірілген айыппұл сомасы (теңгемен), әкімшілік жауапкершілікке тартылған кәмелеттік жасқа толмағандардың (кәмелеттік жасқа толмағандар туралы істі қарау күзiреттiлiгi болған кезде), әйелдердiң, заңды тұлғалардың және шетелдiк азаматтардың саны көрсетiледi.

6-параграф. Жабайы өсетін қарасораның өсу, заңсыз егiстiктердiң және апиын, майлы көкнәр, қарасораны, қылшаны және есiрткi заттары бар өсiмдiктердiң басқа да түрлерiн өсiру алаңдарын анықтау және жою туралы мәлiметтер (есептiң 6-бөлiмi)

31. Есептiң 6-бөлiмi қылмыстық қудалау органдарымен қоялатын нысандардың негiзiнде қалыптастырылады және жабайы қарасораның, заңсыз егiстiктердiң өсiп-өну және апиын, зәйтүн көкнәрiн, қарасораны, қылшаны және есiрткi заттарынан тұратын басқа өсiмдiктердiң басқа да түрлерiн өсiру алаңдарын анықтау және жою туралы мәлiметтердi қамтиды.

1-30-бағандарда анықталған және жойылған (текше метрмен, түптермен) заңсыз егiстер, апиын, майлы көкнәрiн, қарасораны, қылшаны, сұрыптауға тыйым салынған қарасораны және өсiмдiктердiң басқа түрлерiн өсiрулер, жабайы қарасораның өсу алаңдары туралы деректер көрсетiледi.

Жолдарда заңсыз егiстер атаулары, есiрткi заттарынан тұратын өсiмдiктердi өсiру және сұрыптау тiзiмделедi.

7-параграф. Есiрткi құралдарын, психотроптық заттарды пайдаланудан туындаған психикалық және мiнез-құлықтық бұзылулары бар адамдарды есепке алу нәтижелерi туралы мәлiметтер (есептiң 7-бөлiмi)

32. А кестесiнiң бағандарында есiрткi құралдарына, психотроптық заттарға тәуелдi адамдардың жалпы саны, оның iшiнде әйелдер, кәмелетке толмағандар көрсетiледi.

Жолдарда есепке алынған адамдар саны көрсетiледi.

Кестенi толтырған кезде Дүниежүзiлiк денсаулық сақтау ұйымы 1994 жылы қабылданып, 10-рет қайта қаралған, аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жiктемесiн (бұдан әрi – ХАЖ-10) басшылыққа алу керек, есiрткi құралдарын қолданатын адамдарға F11, F12, F14 диагноз кодтары бар аурулар; психотропты заттарды қолданатын адамдарға F11, F12, F13, F14, F15, F16, F18, F19 диагноз кодтары бар аурулар жатады.

33. 1-жолда есептi кезеңнiң басында есiрткi, психотроптық заттарды қолданатын адамдардың саны көрсетiледi.

Есепті кезеңнің соңында есепке алынған адамдар санының көрсеткіші 12-жолдан келесі есепті кезеңнің (жылдың) 1-жолына көшіріледі. 1-жолдың көрсеткіштері есепті кезеңнің ішінде өзгермейді.

2-жолда есепті кезеңде есепке қабылданған адамдар, оның ішінде есепке алғашқы рет қабылданған (3-жол) және бас бостандығынан айыру орындарынан келген, есірткіге тәуелділіктен емделмеген және тұрғылықты жері бойынша емделуді қажет ететін адамдар (4-жол) көрсетіледі.

5-жолда есепті кезеңде есептен шығарылған адамдардың саны, олардың ішінде 5-тен 11-жолға дейін мынадай негіздер бойынша: кемінде 12 ай ремиссияға байланысты, бас бостандығынан айыруға сотталуға, тұрғылықты мекенжайының өзгеруіне, қайтыс болуына, басқа жас тобына өтуіне байланысты есептен шығарылған және басқа да себептер көрсетіледі.

12-жолдың ішінен 13-тен 16-жолдарға дейін есепті кезеңнің соңында есепке алынған адамдар туралы мәліметтер жас топтары бойынша, 17-ден 19-жолдарға дейін - тұрғылықты жері және кәсібі бойынша көрсетіледі.

34. Б кестесінде қолданылатын есірткі құралдарының және психотроптық заттардың, сол тектестердің түрлері туралы мәліметтер көрсетіледі.

1-бағанда ХАЖ-10-ға сәйкес есірткі құралдарын және психотроптық заттарды, сол тектестерді қолданатын адамдардың жалпы саны көрсетіледі.

1-19-жолдарда есірткі құралдары және психотроптық заттар, сол тектестер олардың ХАЖ-10 халықаралық аурулар жіктемесі бойынша көрсетіледі.

35. В кестесінде есірткі құралдарын, психотроптық заттарды мөлшерден тыс қолдану немесе олардың уытты әсері нәтижесінде қайтыс болған адамдар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бағандарда есірткі құралдарын және психотроптық заттарды мөлшерден тыс қолдану немесе олардың уытты әсерінен есепті кезең ішінде қайтыс болған барлық адамдар саны көрсетіледі (1-баған), оның ішінде есепті кезеңнің басында наркологиялық емдеу-профилактикалық ұйымдарында есепке алынғандардың барлығы және олардың ішінде әйелдер (2 және 3-бағандар) саны көрсетіледі.

Жолдарда есепті кезең ішінде барлық қайтыс болған адамдар (1-жол), оның ішінде жастары бойынша: 14 жасқа дейінгі жасты қоса алғанда, 15-17 жас, 18-29 жас, 30 жас және одан жоғары жас (2-ден 5-ке дейінгі жолдар) деректері көрсетіледі.

36. Есептің Г кестесінде түзеу мекемелерінде ұсталынып отырған есірткі құралдарын, психотроптық заттарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдарды есепке алу нәтижелері туралы мәліметтер көрсетіледі.

1-жолда есептік кезеңнің басында түзеу мекемелерінде ұсталынып отырған есірткі құралдары, психотроптық заттар қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар адамдар саны көрсетіледі.

Есептік кезеңнің соңындағы адамдар санының көрсеткіштері, жыл қорытындысы бойынша 11-жолдан келесі есептік мерзімнің (жылдың) 1-жолына ауыстырылады. 1-жолдың көрсеткіштері есептік кезең бойына өзгеріссіз болады.

2-жолда есепті кезеңде есепке алынған адамдар, оның ішінде 3-жолда - алғашқы рет есепке алынған адамдардың саны ескеріледі. 4-жолда есептік кезеңде есептен алынған адамдар саны көрсетіледі, оның ішінде 5-10-жолдарда мынадай негіздер бойынша: 5 жылдан аса ремиссияға байланысты, мекемеден шығаққан, емделуді қажет ететін және өліміне байланысты есептен алынған адамдар саны көрсетіледі.

11-жолдың 12, 13, 14, 15-жолдарында есепті кезеңнің соңында есепке алынған жас санаттары бойынша бөлінген адамдар туралы мәліметтер көрсетіледі.

1-бағанда бас бостандығынан айыру мекемелерінде есірткі құралдары, психотроптық заттар қолдануына байланысты есепке алынған адамдар, оның ішінде 2-бағанда - есірткі қолдануға байланысты мәжбүрлеп емдеу туралы сот қорытындысы шыққан адамдар есепке алынады. 1-бағанның 3-5-бағанында көрсетілген адамдар әйелдер, кәмелетке толмағандар және есірткіге тәуелділігі бар адамдар болып бөлінеді.

8-параграф. Аяқталған істер бойынша тәркіленуге жататын мүлікті және қылмыстық жолмен алынған кірістерді алып қою туралы мәліметтер (есептің 8-бөлімі)

37. 8-бөлім аяқталған істер бойынша тәркілеуге жататын мүлікті алып қою және қылмыстық жолмен алынған кірістер, түрлері мен саны, сомалары бойынша мәліметтерді қамтиды.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры
2023 жылғы 1 желтоқсандағы
№ 213 бұйрығына
3 қосымша

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының күші жойылған бұйрығының және кейбір бұйрықтарының құрылымдық элементтерінің тізбесі

1) "Есірткі құралдарының, психотроптық және улы заттардың, прекурсорлардың, сол тектестердің заңсыз айналымына және заттай дәлелдемелерге, қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүлікке байланысты құқық бұзушылықтар туралы" есеп нысанын және оны қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 1 қазандағы № 101 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9859 болып тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының 2020 жылғы 2

шілдедегі № 82 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20920 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы өзгеріс пен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 6-тармағы;

3) "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2021 жылғы 15 ақпандағы № 17 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22206 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы өзгеріс пен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 3-тармағы;

4) "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2022 жылғы 29 наурыздағы № 62 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27383 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы өзгеріс пен толықтыру енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 2-тармағы күші жойылды деп танылсын.